

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Қоянмен ойнаймыз

ЖАРИЯЛАНДЫ  
29.01.2026СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/186894/

## Нағашыбайқызы Айгерім

КМҚК “Балдырған” балабақшасы тәрбиеші

Тобы:	«Сәуле» ортаңғы тобы
ББС:	Таным
ҰОҚ:	Математика негіздері
Тақырыбы:	«Қоянмен ойнаймыз»
ҰОҚ мақсаты:	Геометриялық пішіндер туралы бекіту. (шаршы, шеңбер, үшбұрыш) орналасуын анықтай алады.(жоғары, төмен) Әр- түрлі заттарды салыстыра алады.(аз, көп) Кеңістікте
Күтілетін нәтиже:	Геометриялық пішіндерді біледі. алады. затты екінші затқа салыстыра алады. Кеңістікті ажырата Бір
Ресурстар:	АКТ, суреттері, пішіндер, фонарик
Әділ-тәсілдер:	4К (бала үні, креативтілік, командада жұмыс жасау, сыни ойлау), сауалнама (ашық сұрақтар), жігерлендіру. рефлексия, кері байланыс. Бақылау, бағалау, саралау ( өнім арқылы) әдістері.

ҰОҚ жоспарын жүзеге асыру кезеңдері	ҰОҚ бойынша іс- әрекет	Ресурстар
-------------------------------------	------------------------	-----------

<p><b>«Миға шабуыл әдісі» Ашық сұрақтар (2мин)</b></p> <p><b>Бала үні</b></p> <p><b>Жаңа оқу қызметіне көпірше (3мин)</b></p> <p><b>Топтастыру:</b></p> <p><b>Негізгі бөлім Топтық жұмыс: (6мин)</b></p> <p><b>Кері байланыс: (2мин)</b></p> <p><b>(5мин)</b></p>	<p>Балалар шаттық шеңберін орындап жіберейік: Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге. Балалар, жылдың қай мезгілі? • Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? • Қыс мезгілінде қалай киінеміз? • Қыс мезгілінде неше ай бар? • Мен сендерге жұмбақ жасырайын: Көлеңкесінен қорқып безектейді, Ал оның баласын көжек дейді. Бүгінгі біздің ашық ұйымдастырылған оқу қызметіміз математика негіздері тақырыбы: <b>«Қоянмен ойнаймыз»</b> деп аталады. • Бұл қоян орманда мекендейді. • Қоянның баласын көжек дейміз. • Қоян қорқақ. • Құлағы ұзын. • Қоян сәбізді жақсы көреді. Экраннан қоян көрсетіледі. • Балалар, қоян бізбен бірге ойнағысы келіп тұр екен. Қоян орманда келе жатса, алдынан жабайы жануарлар кездесіп, бізге жібермей қойыпты. • Балалар, алдымыздағы фонарикті жағып, қандай жануардың ізі екенін табылықшы. • Дұрыс, түлкінің ізі екен. • Барлығымыз экранға қарайықшы, қандай жануар екен? • Дұрыс, түлкі екен. Түлкі: «Егерде менің ойнымды дұрыс орындасаңдар, қоянды жіберемін» – дейді. • Балалар, біз пішіндер білеміз бе? Атайықшы. Педагог жетекшілігімен ойын: <b>«Пішіндерді дұрыс орналастыр»</b> Шарты: Алдарына әр-түрлі пішіндер беріледі, сол пішіндерді үйшікке сәйкестендіріп орналастырады. • Балалар, біз пішіндерді білеміз бе? Атайықшы. Кері байланыс: Балалар пішіндерден не жасағанын айтады. • Балалар, келесі ізді қарайықшы, қандай жануардың ізі екен? • Дұрыс, қасқырдың ізі екен. Қасқыр да: «Егерде менің ойнымды дұрыс орындасаңдар, қоянды жіберемін» – дейді. Құрылымдалған ойын: <b>«Қайсысы көп, қайсысы аз»</b> Шарты: Заттарды салыстырып, қайсы көп, қайсы аз екенін айтып береді. • Жарайсыңдар, балалар! • Балалар, сендер қандай ойын ойнап жатсыңдар? • Біз не салыстырдық? • Қайсысы көп, қайсысы аз екен? • Оны біз қалай байқадық? Балалар, тағы да фонарикті жағып қарайықшы, қандай жануардың ізі екен? • Дұрыс, аюдың ізі екен. Аю да бізге ойын әкеліпті. «Егерде дұрыс орындасаңдар, қоянды жіберемін» – дейді. Еркін ойын: <b>«Жоғарыда, төменде»</b> Шарты: Берілген суреттерді ажыратып, жоғары, төменге орналастырады. Сергіту сәті: Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің, Келе жатқан өзінің, Көжегі екен өзінің. • Балалар, бізге қоян рахмет айтып жатыр. Бізбен ойнағысы келіп тұр екен. Жеке жұмыс. Ойын: <b>«Сәбіздерді ретімен орналастыру»</b> Шарты: Балаларға үлкен-кіші, орташа сәбіздердің суреті беріледі. Балалар ретімен орналастырып шығады.</p>	<p>Шаттық шеңберін орындайды.</p> <p>Балалардың жауаптары</p> <p>Қоян.</p> <p>Балалардың жауаптары</p> <p>Балалардың жауаптары</p> <p>Балалардың жауаптары</p> <p>Қимылдарын жасап орындайды.</p> <p>Бала үні</p>
---	--	---

<b>Қорытынды:</b> <b>Бала үні</b> <b>(2мин)</b>	<b>Рефлексия: «Менің көңіл-күйім» әдісі</b> Балалар бүгінгі оқу қызметін жақсы түсінсе күліп тұрған смайликті, әліде түсінбеген сұрақтары болса ойланып тұрған смайликті алады. <b>Мадақтау:«Бес жұлдыз» әдісі</b>	Балалардың жауаптары
---	--	----------------------

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.